



2025 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы

«2025 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауына еліміздің 89 жоғары оқу орнынан 502 үміткер қатысты. Конкурс барысында электрондық білім беру ресурстары мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар, патенттер, сондай-ақ оқытушылардың өзге де ғылыми нәтижелері сияқты көрсеткіштер бағаланды.

Сонымен қатар, оқытудың сапасына, үміткерлердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі үшін кадрлар даярлауға қосқан үлесіне ерекше назар аударылды.

Нәтижесінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 13 оқытушысы байқау жеңімпаздары қатарынан көрінді.

Біздің жеңімпаздар:

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан астам:

Жаркевич Ольга Михайловна — «Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандарттау» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.;

Саттарова Гульмира Сапаровна — «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент);

Исабек Тұяқ Көпейұлы — «Пайдалы қазбалар кенорындарын

өндіру» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.;

Мадишева Рима Копбосынқызы — «Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент);

Сулеев Бахтияр Даниярович — Ғылым және инновациялар департаментінің директоры, PhD, қауымдастырылған профессор;

Куликов Виталий Юрьевич — «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.;

Рахимов Мурат Аманжолович — «Құрылыс материалдары және технологиялары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), т.ғ.к.;

Квон Светлана Сергеевна — «Металлургия және жаңа материалдар» кафедрасының профессоры, т.ғ.к.;

Зейтинова Шолпан Бекжигитовна — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD.;

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан аз:

Маусымбаева Алия Думановна — «Геология және пайдалы қазба кен орындарын барлау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., PhD.;

Рабатұлы Мұхаммедрахым — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), PhD.;

Мусин Айбек Абдукалыкович — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), PhD.;

Матаев Азамат Қалижанұлы — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), PhD.;

Бұл — Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің профессор-оқытушылар құрамының жоғары кәсібилігі мен біліктілігінің айқын дәлелі.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ



Лабиринты успеха

Стипендий и наград удостоены лучшие представители университета

Стр. 5.



ИИ в современном мире

Открытие лаборатории сетевой безопасности

Стр. 7.



QarTech!

Итоги года подвели на форуме по развитию региональных индустриальных инноваций

Стр. 8.



Карьерный лифт!

Как рабочая профессия ведет к успеху

Стр. 12-13.

Saginov Technical University-де Қазақстан Республикасының



Салтанатты жиын барысында университеттің Басқарма Төрағасы — Ректоры Сауле Сагинтаева ұжымды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, бұл күн ел тарихындағы маңызды белес екенін, еліміздің экономиканы, мәдениетті және халықаралық байланыстарды нығайта отырып, сенімді түрде алға жылжып келе жатқанын атап өтті. Әлеуметтік-тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Қалыков та жиналғандарды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, еңбекте табыс пен жаңа кәсіби жетістіктер тіледі.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен университеттің тұңғыш ректоры, мемлекет қайраткері әрі көрнекті ғалым Әбілқас Сағыновтың 110 жылдығына орай университеттің жетістіктеріне үлес қосқан және ғылым мен білім жолында аянбай еңбек еткен қызметкерлер марапатталды:

Сагинтаев Совет Сагинтаевич — «Жоғары математика» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты;

Ибатов Марат Кенесович — Ректордың кеңесшісі, профессор, техника ғылымдарының докторы;

Арыстан Ибатолла Дайырулы — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты;

Интыков Токмырза Смагулович — «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), техника ғылымдарының кандидаты;

Кызыров Кайролла Бисембаевич — «Технологиялық жабдықтар, машинажасау және стандарттау» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты;

Жетесов Сантай Сулейменович — «Технологиялық жабдықтар, машинажасау және стандарттау» кафедрасының профессор-тәлімгері, техника ғылымдарының докторы;

Тутанов Серикпай Куспанович — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының

норындарын өндіру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы;

Мендикенов Канат Кенжеғалиевич — «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), техника ғылымдарының кандидаты;

Исин Даулет Калыкович — Инженерлік бағыттағы сынақ зертханасының ғылыми қызметкері, профессор, техника ғылымдарының кандидаты;

Камаров Рымғали Кумашевич — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты;

Исагулов Аристотель Зейнуллинович — аппарат басшысы, профессор, техника ғылымдарының докторы;

Пак Юрий Николаевич — «Геология және пайда қазбалар орынын барлау» кафедрасының профессор-зерттеушісі, техника ғылымдарының докторы;

Портнов Василий Сергеевич — «Геология және пайда қазбалар орынын барлау» кафедрасының профессор-зерттеушісі, техника ғылымдарының докторы;

Кадыров Адиль Суратович — «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының профессор-зерттеушісі, техника ғылымдарының докторы;

Исабек Туяк Копейұлы — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының

профессор-зерттеушісі, техника ғылымдарының докторы;

Низаметдинов Фарит Камалович — «Маршейдерлік іс және геодезия» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы;

Есенбаев Салым Хусайнович — «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының докторы;

Даникина Тиштык Саркытбековна — «Механика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының кандидаты;

Кошебаева Гаухар Капеновна — «Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы;

Нугужин Жмагул Смагулович — Қазақстан көп бейінді қайта құру және дамыту институты (ҚазКҚДИ) директоры, профессор, техника ғылымдарының докторы;

Глотов Борис Николаевич — «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының қауымдас-

тырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының докторы;

Бейсембаев Каким Манасович — «Технологиялық жабдықтар, машина жасау және стандарттау» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы;

Кропачев Петр Александрович — «Құрылыс материалдары және технологиялары» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доценті), техника ғылымдарының кандидаты;

Кабикенов Сапар Жомартович — «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты;

Сонымен қатар университеттің ғылыми қауымдастығы өкілдеріне академик Ә.С. Сағыновтың 110 жылдығына арналған «Академик Ә.С. Сағыновтың ғылыми-академиялық мұрасы: сын-қатерлер мен болашағы» атты ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыруға қосқан үлесі үшін алғыс білдірілді. Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаеваның атымен университеттің



UI GreenMetric 2025

UI GreenMetric World University Rankings рейтинг агенттігі GreenMetric-2025 халықаралық университеттер рейтингісінің нәтижелерін жариялады.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті әлемнің 1745 университеттерінің арасында 1278-орынға ие болды. Қазақ-

стан бойынша ҚарТУ 30 ЖОО арасында 18 орында. Өткен жылмен салыстырғанда университет өз нәтижелерін айтарлықтай жақсартты. 2024

жылы ҚарТУ әлемдік рейтингте 1365-орында, ал еліміз бойынша 24-орында тұрған болатын.

Рейтингті құрастыру кезінде 6 категория ескеріледі:

- Инфрақұрылымның тұрақтылығы
- Энергетика және климаттың өзгеруі
- Қалдықтарды басқару
- Су ресурстарын сақтау
- Көлік
- Тұрақты даму саласындағы білім және зерттеулер

ҚарТУ-дың стратегиялық даму бағыттарына сәйкес университет қоршаған ортаға жауапкершілікті арттыруға және «жасыл» жобаларды кеңейтуге бағытталған рейтингтегі позициясын ілгерілету жұмыстарын күшейтуде. UI GreenMetric World University Rankings рейтингіне қатысу осы үдерістің маңызды бөлігі болып табылады.

Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиын өтті

келесі ғылыми қызметкерлері алғыс хаттармен марапатталды:

Байкенжин Мурат Асылбекович — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының кандидаты;

Ожигина Светлана Борисовна — «Маршейдерлік іс және геодезия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының кандидаты;

Хмырова Елена Николаевна — «Маршейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты;

Исагулов Саят Төлеуович — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының

қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының кандидаты;

Булатбаев Феликс Назымович — Энергетика, автоматика және телекоммуникациялар факультетінің деканы, қауымдастырылған профессоры (доценті), техника ғылымдарының кандидаты;

Бесимбаева Ольга Газисовна — «Маршейдерлік іс және геодезия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының кандидаты;

Рахимов Гельман Нурмагамбетович — «Маршейдерлік іс және геодезия» кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты;

Долгонос Виктор Николаевич — «Маршейдерлік іс

және геодезия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), техника ғылымдарының докторы;

Ахметова Алма Жолдыбаевна — «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология» кафедрасының ассистент-профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты;

Ауелбекова Арайлым Жорвна — «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология» кафедрасының аға оқытушысы;

Суимбаева Айгерим Маратовна — «Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), философия докторы PhD;

Ефремова Светлана Сергеевна — «Пайдалы қазбалар

кенорындарын өндіру» кафедрасының аға оқытушысы;

Токушева Жибек Төлеуовна — «Геология және пайда қазбалар орынын барлау» кафедрасының аға оқытушысы.

Конференцияның бейнеролігін даярлағаны үшін Басқарма Төрағасы — Ректор атынан Маркетинг және PR департаментінің қызметкерлері — Қоғаммен байланыс бөлімінің видеомейкері Берік Еркебұлан Берікұлы мен Маркетинг және кәсіби бағдар беру жұмысы бөлімінің маркетинг-логы Сүлейменова Алуа Жанатқызына алғыс хат табыс етілді.

Салтанатты жиынның соңында Әбілқас Сағыновтың фотоархиві негізінде жасалған, жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнеролик көрсетілді.



Аккредитация на максимальный срок подтверждает устойчивое развитие университета и высокий уровень качества образовательной деятельности,

Институциональная реаккредитация

КарТУ имени Абылқаса Сагинова успешно прошёл международную институциональную реаккредитацию Независимого агентства аккредитации и рейтинга (НААР) и получил полную аккредитацию сроком на 7 лет. Решение было принято по итогам внешней оценки системы управления, образовательной и научной деятельности университета.

а также его соответствие современным требованиям в сфере непрерывного образования

и национальным и международным стандартам качества высшего образования.

Поздравляем коллектив с заслуженным успехом! Желаем дальнейших достижений и профессионального роста!

Движение вперед будет продолжено

26 декабря в КарТУ имени Абылқаса Сагинова состоялось заключительное заседание Ученого совета. Открывая заседание, председатель Правления — ректор Сауле Сагинтаева отметила, что год ознаменован 110-летием академика Абылқаса Сагинова, в уходящем году университету удалось решить немало важных задач, а движение вперед будет продолжено.

Заседание началось с торжественной части. 14 ветеранам вручены памятные медали «110 лет со дня рождения Абылқаса Сагинова, Героя Социалистического Труда, академика НАН РК», за многолетний добросовестный труд и безупречную службу на благо университета. Также вручены аттестаты учёных званий и дипломы доктора философии (PhD).

По научному направлению «Науки о Земле и окружающей среде» ученое звание «Ассоциированный профессор (доцент)» присвоено Мухаммедрәхиму Рабатұлы, Алтынай Амангелдіқызы, Дмитрию Ожигину и Светла-

не Ожигиной. По научному направлению «Экономика и бизнес» ученое звание «Ассоциированный профессор (доцент)» присвоено Айдыну Кернебаеву. Степень доктора философии (PhD) по образовательной программе «Электроэнергетика» присуждена Дамиру Каюмову.

За вклад в развитие сферы образования от Управления образования Карагандинской области Нурбиби Смагуловой и Людмиле Ванфутян вручены Почетная грамота и Благодарственные письма. В рамках года Рабочих профессий Гулден Молдабековой вручено Благодарственное письмо от некоммерческой орга-

низации «Талап» за вклад в популяризацию рабочих профессий, укрепление сотрудничества между колледжами и предприятиями, а также формирование положительного имиджа рабочих профессий.

Коллегам из Инновационно-технологического колледжа КарТУ им. Абылқаса Сагинова вручен Диплом за 1 место на областном форуме «Время действовать» в номинации «Я и самоуправление» руководителю Еркінжан Бекболатқызы.

Также был представлен новый председатель молодежного объединения Jas Orda на 2025–2026 учебный год студент горного факультета, активист Владимир Гержик.

Далее перешли к повестке дня Ученого совета. На заседании были рассмотрены следующие

вопросы: обеспечение новых и инновационных образовательных программ учебной литературой (докладчик — директор библиотеки Бейсембаева Б. О.), утверждение диссертационных тем докторантов первого курса (докладчик — директор департамента науки и инноваций Сулеев Б. Д.), представление к присвоению ученого звания профессора и прочие вопросы. Все решения по повестке дня были приняты единогласно.

Завершая заседание Ученого совета, ректор пожелала всем благополучного и плодотворного нового года.



Saginov Technical University докторанты «TALDAU» жобасы финалистері қатарында

Қарағандыда алғашқы өңірлік жоба — «Талдау мектебі» іске қосылды. Бұл — өңірдің тұрақты дамуы жолында салмақты әрі негізделген басқарушылық шешімдер қабылдай алатын жаңа буын аналитиктерін даярлауға бағытталған ауқымды бастама.



Жоба Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Қарағанды облысы әкімінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

«Талдау мектебі» жобасына іріктеу үш кезең бойынша жүргізіліп, жастардың қызығушылығын тудырды. Оған 90-нан астам өтінім түсті.

Көпсатылы іріктеу қорытындысы бойынша 40 мықты қатысушы жобаның финалистері атанды. Олардың қатарында жоғары оқу орындарының өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер және ірі бизнес өкілдері бар. Олардың ішінде Kazakhmys компаниясы-

ның қызметкері, «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасының екінші курс докторанты Санжар Шерубаев бар (ПҚКБ кафедрасының жанындағы докторлық диссертацияның ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., доценті Саят Исағұлов). Бұл кәсіпорын мамандарының кәсіби дайындығының жоғары деңгейін, олардың заманауи талаптарға сәйкес дамуға деген ұмтылысын көрсетеді.

«TALDAU» жобасы (Талдау мектебі) алғаш рет Астанада ҚР Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың басшылығымен іске қосылды. Бүгінгі таңда жаңа фор-

маттағы сарапшылардың кәсіби қауымдастығын қалыптастыратын төрт ағым іске асырылды.

Сондай-ақ, Қарағандыдағы жобаға қатысушылар кәсіби даму мен жеке мотивацияны біріктіретін белсенді өмір салты, командалық өзара іс-қимыл және корпоративтік мәдениет құндылықтарына бейілділігін атап өтіп, дәстүрлі TALDAU RUN марафонына қатысты.

Бағдарлама аясында қатысушылар нақты басқару және өндірістік міндеттерге байланысты аналитикалық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған қарқынды курстан өтті.

Оқыту барысында олар:

- Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына барып, онда заң шығарушы органның жұмысымен танысып, тақырыптық сессияларға қатысты;
- цифрлық даму және жасанды интеллект вице-министрі Д.Мунның оқыту модулінен өтті;
- ҚР Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов өткізген модульге қатысты;
- Мәжіліс депутаттары мен жетекші салалық мамандар жүргізген сараптамалық сабақтарда болды;
- Ұлттық статистика бюросындағы сарапшылардың модулінен өтті.

Бағдарлама қорытындысы бойынша қатысушылар өздерінің аналитикалық жобаларын сәтті қорғап, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы мен облыс әкімі атынан берілген сертификаттарға ие болды.



Студентіміздің жеңісі — университет мақтанышы

ҚарТУ-дің Тау-кен факультетінің студенті Марлен Жұмбаев WorldSkills Kazakhstan-2025 республикалық чемпионатында «Ұшқышсыз ұшу аппараттары» құзыреттілігі бойынша жүлделі II орынға ие болды.

Аталған жетістік болашақ мамандардың кәсіби даярлығының жоғары деңгейін, алған білімдерінің сапасын, практикалық шеберлігі мен заманауи технологияларға деген қызығушылығын айқын көрсетеді.

Марленді осы айтулы жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз және алдағы оқуы мен кәсіби қызметінде толағай табыстар

тілейміз! Бұл жетістік студенттің жеке еңбегінің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар Өндірістік қауіпсіздік және экология кафедрасының жүйелі жұмысының жемісі. Білім алушының кәсіби дамуына бағыт-бағдар беріп, жан-жақты қолдау көрсеткен кураторы Народхан Дашжанды да осы жарқын жетістікпен шын жүректен құттықтаймыз.

Saginov Technical University мен «КаР-Тел» ЖШС арасында келісімшарт жасалды



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті мен «КаР-Тел» ЖШС (Beeline бренді бойынша қызмет көрсететін қазақстандық телекоммуникациялық компания) университет аумағында екі телекоммуникациялық мұнара орнату туралы келісімшартқа отырды. Құжатқа университет басқармасы мен «КаР-Тел» ЖШС басшылығы қол қойды.

Келісімшарт жасау университеттің телекоммуникациялық инфрақұрылымын жаңғыртуға және байланыс сапасын жақсартуға бағытталған. Телекоммуникациялық мұнараларды орнату тұрақты интернет және

ұялы байланыспен қамтамасыз етудегі маңызды қадам, сонымен қатар білім беру процесін цифрландыруға және студенттер мен университет қызметкерлерінің жайлылығын арттыруға ықпал етеді.

Лучшие представители университета награждены на заседании учёного совета



В Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова состоялось внеочередное заседание Ученого совета НАО. В начале заседания Председатель Правления — Ректор Сауле Сагинтаева отметила достижения сотрудников и студентов университета в различных направлениях.

Почётной грамотой Министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека в честь Дня корпоративных секретарей, за значительный вклад в развитие процессов корпоративного управления в образовательной организации, высокий профессионализм и ответственное отношение к работе была награждена Ангела Жижите.

Благодарность министра за вклад в совершенствование корпоративного управления, преданность делу и высокий профессионализм получила Татьяна Абишева.

С 1 по 14 ноября в Бангкоке (Таиланд) состоялся чемпионат мира по джиу-джитсу среди молодежи. Студент группы АиУ-23-2 Сагындық Асылмұрат

завоевал 1-е место в категории «борьба без кимоно (No-Gi)», став чемпионом мира, а также занял 3-е место в категории «борьба в кимоно (Gi)».

Студент группы С-23-1 Алматы Жігер стал чемпионом мира, заняв 1-е место в категории «борьба в кимоно (Gi)» в весовой категории 77 кг.

С 17 по 21 ноября в Астане прошёл чемпионат РК «University League» по футболу среди сборных команд вузов страны. Команда STU заняла 2-е место. Также индивидуальные награды получили: в номинации «Лучший нападающий» Нариман Тохтаганы, в номинации «Лучший тренер» старший преподаватель кафедры ФВ Ерлан Окасов.

21 ноября в Эр-Рияде (ОАЭ) в рамках V Игр исламской солидарности по джиу-джитсу

студент университета Алматы Жігер вновь завоевал звание чемпиона мира в весовой категории 77 кг.

В хакатоне, организованном ТОО «Light Engineering» по решению производственных задач, за разработку лучшего инженерного решения по теме «Инженерные решения для производства опор освещения», продемонстрировав высокий уровень технической подготовки и креативный подход, дипломами были награждены Жандарбек Орынбеков, Жәнібек Кулжанов, Сәкен Еркемұлы, Дархан Зейнулла. Команда STU также была удостоена сертификата на 500 000 тенге.

Председатель Правления — Ректор Сауле Сагинтаева поздравила обладателей наград с их успехами и пожелала им новых побед и высоких достижений.

Обладатели стипендии «Болашак»

Преподаватели КарТУ имени Абылкаса Сагинова стали обладателями международной стипендии «Болашак» на прохождение научных стажировок в ведущих мировых научных и исследовательских центрах.

Поздравляем победителей конкурса:



• **Жумабекова Айла Еркемевна** — доцент (ассоциированный профессор) кафедры РМПИ, PhD — стажировка в Университете штата Пенсильвания;



• **Халикова Эльвира Равиловна** — ассоциированный профессор (доцент) кафедры РМПИ, PhD — стажировка в Пенсильванском университете;



• **Сарсембеков Бауыржан Кобланович** — ассоциированный профессор (доцент) кафедры ТТиЛС, PhD — в Университете штата Пенсильвания.

Научная стажировка за рубежом предоставляет уникальную возможность для профессионального роста, обмена опытом и реализации творческих идей.

Мы гордимся достижениями наших преподавателей, желаем им успешной и продуктивной стажировки!

Китайская делегация посетила Saginov Technical University

В Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова с рабочим визитом прибыла делегация Министерства промышленности и информатизации Китая, а также представители Университета Шихэцзы.

Делегацию Центра развития промышленного оборудования Министерства промышленности и информатизации Китая возглавил директор Первого и Второго управлений исследований оборудования Ин Фэн. Это их первый визит в КарТУ.

В составе делегации Университета Шихэцзы — декан и профессор Школы машиностроения и электротехники Чжан Руоюй и профессор этой же Школы Ма Хэшати Наби Хан, директор учебного отдела Международного центра обмена Дон Тяньлей и директор офиса управления магистратурой и развития дисциплин Ли Сиян.

Проректор по академическим вопросам КарТУ Бекболат

Нусупбеков отметил, что сотрудничество с университетом Шихэцзы длится более десяти лет и основано на прочных партнёрских отношениях в сфере образования и науки. Вузы успешно реализуют программы двойного диплома, академическую мобильность и совместные исследования.

Гостям был продемонстрирован ознакомительный видеоролик о КарТУ, после чего стороны обменялись мнениями и обсудили перспективы дальнейшего сотрудничества.

Во время встречи состоялась церемония подписания Дополнительного соглашения о реализации совместной образовательной программы подго-



товки магистров Double Degree между Университетом Шихэцзы и Карагандинским техническим университетом имени Абылкаса Сагинова. Документом согласованы ключевые параметры программы: сроки обучения и академические требования.

Участники встречи отметили, что визит открывает новый этап сотрудничества и способствует развитию образовательных и научных инициатив. В завершение визита для делегации организовали экскурсию, в ходе которой они ознакомились с учебной, исследовательской и научно-технической инфраструктурой вуза.

Жасанды интеллект: бүгіні мен болашағы

Қазіргі таңда жасанды интеллект қоғамдағы көп талқыға түсіп жатқан тақырыптардың бірі. Сонымен қатар, барлық салаға деңдеп еніп келе жатыр. Білім беру саласында болсын, денсаулық сақтау саласында, қаржы саласында болсын жұмысты жеңілдетуге, автоматтандыруға, күрделі мәселелерді шешуге үлкен мүмкіндік береді. Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметке жасанды интеллект саласын жан-жақты дамытуға тапсырма берген болатын. «Біздің елімізде жасанды интеллект қауіпсіздік, медицина, банк қызметтері, логистика, білім беру сияқты салаларда табысты қолданылады. Осы технологияларды енгізумен айналысатын мықты компаниялар пайда болып жатыр. Сонымен қатар индустрияны табысты дамыту үшін мемлекеттің кешенді қолдауы қажет. Біз деректер мен технологиялық инфрақұрылымға ортақ қолжетімділікті қамтамасыз ететін экожүйені құруымыз керек», — деді Президент.

Соңғы уақыттарда ЖИ мүмкіндіктері мен қауіптері жиі талқылануда. Бұл ең алдымен ең нарығындағы өзгерістерге алып келуі мүмкін. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2030 жылға қарай елімізде 5 саланың қызметтерін «жасанды интеллект» алмастыратынын айтқан. Министрлік мәліметінше, болашақта ауыл шаруашылығына қорап ораушылар, құрылыста шыны кесушілер, машина жасауда қоймашылар қажет болмайды. Бұл өз кезегінде «адам еңбегі қажет болмай қала ма?» деген сұ-

рақты алға тартады. Сонымен қатар, дербес мәліметтердің қауіпсіздігі, алгоритмдердің әділеттілігі, шешім қабылдаудағы жауапкершілік секілді этикалық мәселелер де күн тәртібінен түспей отыр.

Жасанды интеллекттің болашағы — адамзаттың оны қалай қолдана алатынына тікелей байланысты. Егер біз ЖИ-ді тек пайда табудың немесе бақылаудың құралы ретінде емес, адам дамуына қызмет ететін серіктес ретінде қабылдай алсақ, оның мүмкіндігі шексіз. Болашақта жасанды интеллект ғарыш-

ты игеруге, климаттың өзгеруін болжауға, күрделі ғылыми жаңалықтар ашуға жол ашуы ықтимал. Ол адам ақылын алмастырмайды, керісінше, толықтырады.

Осы орайда, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, «Көлік, логистика және инженерлік экономика» факультеті, «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен университетішілік «Жасанды интеллект: бүгіні мен болашағы» тақырыбында

пікірсайыс өтті. Аталмыш іс-шараға білім алушылар, оқытушылар және IT саласына қызығушы жастар қатысып, жасанды интеллект технологияларының қазіргі даму қарқыны мен болашақтағы ықпалы жөнінде өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Пікірсайыс барысында қатысушылар AI-дің білім беру, медицина, бизнес және күнделікті өмірдегі мүмкіндіктерін талдап, оның артықшылықтары мен қауіптері туралы қызу пікір алмасты. Кейбір білім алушылар AI адам еңбегін жеңілдетіп, инновациялық шешімдерге жол ашатынын айтса, енді бір топ өкілдері этикалық мәселелер мен қауіпсіздік талаптарының өзектілігін атап өтті.

Шара соңында ұйымдастырушылар жасанды интеллект туралы қоғамдық түсінікті арттырудың маңызын, сондай-ақ осындай пікірталастардың жастардың сыни ойлау дағдысын дамытуға үлес қосатынын ерекше атап өтті.

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект

«Күміс университет» бағдарламасы аясында, егде жастағы азаматтардың әлеуметтік қолдауын қамтамасыз ету және белсенді өмір сүруге қажетті дағдыларын дамыту мақсатында, Қарағанды қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы мен Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті арасындағы ынтымақтастық Меморандумына сәйкес, Үздіксіз білім беру институты «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект» жобасын іске асырды.

Курс практикалық бағытта өткізілді: қатысушылар цифрлық сауаттылық негіздерін меңгеріп, жасанды интеллекттің күнделікті өмірде қолдану мүмкіндіктерімен танысты. Соңында курсты аяқтаған 22 тыңдаушыға сертификаттар табысталды.

Жобаны жүзеге асыру үздіксіз білім берудің маңыздылығын айқындайды және университеттің белсенді ұзақ өмір сүру бағдарламаларын дамытуға қосқан үлесін көрсетеді.



ЖИ енгізу, киберқауіпсіздік және кибергигиена мәселелері талқыланды

Saginov Technical University-нің Цифрландыру жөніндегі проректоры, PhD Азамат Амиров тау-кен факультетінің профессорлық-оқытушылар құрамымен кездесті.

Кездесу барысында жасанды интеллектті білім беру процесіне және ғылыми зерттеулерге енгізу, киберқауіпсіздік және кибергигиена мәселелері қаралды. Оқытушылар мен студенттердің цифрлық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ оқу курстары мен практикалық зерттеулерде ЖИ құралдарын қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, AI-Sana бағдарламасының жетістіктері талқыланды. Бұл мемлекеттік бағдарлама университетте жасанды интеллект экожүйесін дамытуға бағытталған. AI-Sana жобасы оқу, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашып, білім сапасын арттыруға және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға көмектеседі.

STU-де жаңа желілік қауіпсіздік зертханасы ашылды

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасында Fortinet желілік қауіпсіздік зертханасы өз жұмысын бастады. Зертхананы университет ректоры Сауле Сагинтаева салтанатты түрде ашты.

Fortinet — желілік және киберқауіпсіздік саласындағы әлемдік бренд, жетекші компания. «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасында мұндай зертхананың ашылуы студенттердің білімін жетілдіру процесіне айтарлықтай үлес қосады.

Зертхана Fortinet-тің кәсіби жабдықтарымен жабдықталған. Зертхананың ерекшелігі — әр студенттің жеке стендте жұмыс істеу мүмкіндігінде. Мұндай формат еліміздегі университеттер арасында бірегей болып табылады. Бұл КарТУ-дің «Ақпа-

раттық қауіпсіздік жүйелері», «Желілік қауіпсіздік», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» бағдарламалары бойынша білім алушыларға заманауи желілік қорғау технологияларымен жұмыс істеу барысында тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге және корпоративтік деңгейдегі инфрақұрылыммен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Осы семестрден бастап студенттер Fortinet желілік қауіпсіздік зертханасында келесі бағыттар бойынша практикалық білім алуды бастай-



ды. Олар: файрволдар, коммутаторлар және кіру нүктелерін баптау, кибершабуылдардан қорғау әдістері, VPN, IPS, SD-WAN, FortiGuard-пен жұмыс, трафикті талдау және қорғалған желілік архитектураларды құру.

Жаңа зертхана әлемдік компаниялар деңгейіндегі инфрақұрылыммен сенімді жұмыс істей алатын ақпараттық қауіпсіздік мамандарын даярлауда сапалы жаңа практикалық базаға айналмақ.



«Зимний университет» в Санкт-Петербурге

На базе Санкт-Петербургского политехнического университета Петра Великого состоялся проект «Зимний университет по инженерным наукам — 2025», который собрал более 200 студентов и молодых специалистов со всего мира. К студентам из России, Казахстана, Кыргызстана, Беларуси, Узбекистана, Армении, Таджикистана, ЮАР, Китая, Ирана, Индии присоединились учащиеся из Сербии, Кубы и Индонезии. Всего в «Зимнем университете» приняли участие студенты из 44 университетов.

Особое внимание было уделено развитию ключевых современных направлений, таких как искусственный интеллект, цифровизация и инновационные технологии. Программа включала в себя лекции, мастер-классы, круглые столы и практические занятия по наиболее актуальным и перспективным направлениям в области технологий. Участники познакомились с передовыми разработками в таких сферах, как:

- Искусственный интеллект, в том числе, разработки в области машинного обучения и нейросетей.
- Цифровые технологии, включая интернет вещей (IoT), блокчейн и кибербезопасность.
- Инженерные науки, современные тенденции в робототехнике, автоматизации и других инженерных дисциплинах.



В Зимнем университете приняли участие наши 7 обучающихся — Дарья Андриякова, Замира Бақыт, Елена Булгакова, Ануар Кантарбаев, Екатерина Ковалева, Серик Раульев, Аида Қасқанова. По окончании проекта участникам был выдан сертификат.

Принимая участие в мероприятии, гости не только расширили свои знания на лекциях и семинарах, но и познакомились с богатым культурным наследием Санкт-Петербурга. Студенты посетили Юсуповский дворец, Эрмитаж, музей Фаберже, пригороды Санкт-Петербурга — г. Пушкин и г. Кронштадт.

Бүгінгі ғалым: өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктер әлемінде



Басқарма мүшесі — Цифрландыру жөніндегі проректор Азамат Амиров кіріспе сөз сөйлеп, қатысушыларға жемісті және сәтті жұмыс тіледі.

Іс-шараның спикері: Данияр Тебаев — PhD, CEO T-Academy, «ҰМFTCO» АҚ екc-бірінші вице-президенті, цифрлық трансформация және жо-

баларды дамыту жөніндегі екc-перт, 20-дан астам ғылыми мақала мен үш монографияның авторы. Сондай-ақ Данияр Болатович жалпы құны 3 млрд. теңгеге шамамен 100 жобаны жүзеге асырған, мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс тәжірибесі бар.

3 желтоқсанда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында QarTech өңірлік инновациялық-индустриялық хабы аясында «Заманауи ғалым: бейнесі, ақиқат, сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер» атты екcперттік семинар өтті.

Қатысушылар ғалымның заманауи бейнесі қалай қалыптасатыны және бүгінгі таңда оның кәсіби дамуына қандай факторлар әсер ететіні туралы жан-жақты шолу алды. Мазмұнды пікірталастардан басқа, бағдарлама ғылыми қызметке жаңа қырынан қарауға және ғылым саласындағы өзгерістердің динамикасын сезінуге мүмкіндік беретін практикалық тапсырмалар мен ойын форматтарын қамтыды.

Семинарға 20-дан астам адам — оқытушылар, ғалымдар және құрылымдық бөлім-

шелердің жетекшілері қатысты, әрі бұл іс-шара тақырыбының өзектілігі мен қажеттілігін тағы да растады.

Кездесу соңында Басқарма мүшесі — Стратегиялық даму және интернацияландыру жөніндегі проректоры Тимур Канапьянов спикердің семинарды өткізуге қосқан елеулі үлесін атап өтіп, оған алғыс хат табыс етті. Сонымен қатар, семинар қатысушылары заманауи ғалым мен зерттеушінің негізгі құзыреттерін игеру және қатысу туралы сертификаттар алды.

QarTech форумы өңірлік индустриялық инновацияларды дамытудағы жылдың қорытындысы болды

18–19 желтоқсанда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Қарағанды облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының қолдауымен QarTech өңірлік инновациялық-индустриялық форумы өтті.

Форум QarTech хабы жұмысының қорытындылауға арналған жылдың қорытынды алаңына айналды және өнеркәсіп, университеттер, ғылыми-зерттеу институттары, даму институттары, мемлекеттік органдар, стартаптар мен жас зерттеушілер өкілдерін біріктірді.

Форумның бірінші күні Saginov Technical University базасында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының төрт негізгі бағыты: тау-кен металлургия кешені, көмір химиясы және жаңа материалдар, индустрия 4.0 және автоматтандыру, экология және қалдықтарды басқару бойынша кластерлік пікірталастар өтті. Талқылауға бейіндік бағыттағы өнеркәсіп кәсіпорындарының

өкілдері, ғалымдар, оқытушылар мен білім алушылар қатысты. Сонымен қатар, экономиканың нақты секторының сұраныстарына бағытталған QarTech инкубаторының технологиялық стартаптарының көрмесі жұмыс істеді. Инкубатор жұмысының қорытындысы Demo Day аясында шығарылды.

Форумның екінші күні өнеркәсіп, ғылыми ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылдың практикалық механизмдеріне, сондай-ақ өңірдің экономикасына қолданбалы ғылыми-технологиялық әзірлемелерді енгізу мәселелеріне арналған «Инновациялық синергия: индустрия — ғылым — мемлекет» атты стратегиялық сессия өтті.

Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев форумның өнеркәсіп, ғылым және мемлекет арасындағы диалогты құруға арналған жұмыс алаңы ретіндегі маңыздылығын атап өтіп, оның практикалық бағыты мен өңір үшін

өлшенетін экономикалық нәтиже алуға бағдарланғанын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің Стратегия және жобалау қызметі басқармасының басшысы Мира Турсумбаева университеттердің инновациялық экожүйенің негізгі қатысушылары — білікті кадрларды даярлаудағы, қолданбалы зерттеулер мен технологиялық шешімдерді дамытудағы, сондай-ақ стартаптар мен инновациялық бастамаларды қолдаудағы рөлін атап өтті.

Форум аясында QarTech технологиялық стартаптар инкубаторының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті — бес команда 500 000 теңгеден ақшалай сыйлықтар алды. Қолданбалы ғылыми-технологиялық әзірлемелер конкурсының қорытындысы бойынша сегіз жеңімпаз — жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері — 1 000 000 теңгеден сыйақы алды.

Форум аясында инновацияларды мемлекеттік және инс-



титуционалдық қолдауға, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға, технологиялар трансферіне және зияткерлік меншікті қорғауға арналған инновациялық жобалар көрмесі мен салалық екcперттік интернсивтер ұйымдастырылды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы — Ректоры Сауле Сагинтаева атап өткендей, форум университеттер мен өнеркәсіптің жүйелі өзара іс-қимылы, тәжірибе алмасу, кадрлар даярлау және Қарағанды өңірінің экономикасына инновациялық шешімдерді енгізуді қолдау алаңына айналды.

Форум жұмысына Қарағанды облысының 80-нен астам серіктес кәсіпорындары, жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдары қатысты, бұл бизнес пен ғылыми қоғамдастық тарапынан өңірлік инновациялық экожүйені дамытуға деген жоғары қызығушылықты растады.



Бизнес ортадағы ғылыми әлеует — команда, стратегия және нарық рөлі



6 желтоқсанда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында QarTech өңірлік инновациялық-индустриялық хабы аясында «Ғылыми идеядан өнімге дейін: басқару, маркетинг және команда» атты expertтік семинар өтті.

дегі маман, 25-жылдық тәжірибесі бар кәсіпкер сөз сөйледі.

Семинарға кафедра меңгерушілері, жас ғалымдар, сондай-ақ QarTech инкубаторының резиденттері қатысты. Қатысушылар ғылыми идеялардың нарықтық өнімдерге қалай айналатыны және жобалардың сәттілігін қандай басқару, маркетинг және топтық шешімдер

анықтайтыны туралы терең және тәжірибеге бағытталған түсініктерге ие болды.

Бағдарлама динамикалық, интерактивті форматта құрылды. Қатысушылар коммерцияландырудың нақты кейстерін талдады, нарықтық жағдайларды модельдеді, тиімді команда құру дағдыларын пысықтады, өнімді позициялауды және на-



рықтың мақсатты сегменттерін анықтауды үйренді.

Семинарға 25-тен астам қатысушы жиналды, олардың арасында ғылыми-технологиялық жобаларға қызығушылық танытқан Saginov Technical University кафедра меңгерушілері, зерттеушілер, студенттер, сондай-ақ оқушылар бар.

Іс-шара инновациялық мәдениетті жүйелі дамытудағы маңызды қадам болды және қатысушылардың ғылыми әзірлемелерді сұранысқа ие өнімдерге айналдыру саласындағы құзыреттерін күшейтті.

Іс-шараны ашқан Басқарма мүшесі — Цифрландыру жөніндегі проректор Азамат Амиров инновациялық менеджмент саласындағы құзыреттерді дамытудың маңыздылығын атап өтіп қатысушыларға нәтижелі жұмыс тіледі.

Негізгі спикер ретінде Татьяна Хасанова — акселерациялық бағдарламалардың expertі және трекері (Astana Hub, MOST, Қайта құру және дамыдың Еуропалық банкі), Center AI негізін қалаушысы, стратегия, маркетинг және HR жөнін-



Итоги хакатона по решению производственных задач

12 декабря 2025 года завершила работу научно-техническая сессия (хакатон), организованная региональным инновационно-индустриальным хабом QarTech совместно с ТОО «Maker». Мероприятие прошло на базе Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова и было посвящено разработке инженерных решений для литейного и машиностроительного производства, вопросам цифровизации технологических процессов, а также применению современных материалов и аддитивных технологий.

В течение двух дней команды-участники работали над тремя прикладными кейсами, сформированными на основе реальных производственных задач предприятия.

В первый день хакатона участники посетили производственную площадку ТОО «Maker», где ознакомились с технологическим циклом, используемым оборудованием и ключевыми производственными вызовами.

На церемонии открытия с приветственным словом выступил член Правления — проректор по науке и инновациям КарТУ имени Абылкаса Сагинова Али Мехтиев, который отметил значимость практико-ориентированных форматов взаимодействия университета

и промышленности и пожелал командам результативной работы и успешной реализации представленных разработок.

Далее команды приступили к интенсивной проектной работе. На второй день состоялась защитная питч-сессия, в рамках которой участники представили свои решения экспертному жюри. В его состав вошли представители Управления предпринимательства и промышленности Карагандинской области, ТОО «Maker», ТОО «КМЗ имени Пархоменко» и КарТУ имени Абылкаса Сагинова.

По итогам оценки предложенных решений жюри определило три команды-победителя, чьи проекты продемонстрировали высокий уровень



инженерной проработки, инновационности и готовности к практическому внедрению. Каждая из команд-призёров была награждена сертификатом номиналом 700 000 тенге от хаба QarTech.

Заместитель главного технолога ТОО «Maker» Шералы Бекболатов отметил высокий уровень подготовки участников и поблагодарил организаторов за проведение мероприятия, ориентированного на решение актуальных производственных и технологических задач предприятий региона.

В завершение хакатона организаторы выразили благодар-

ность партнёрам, экспертам жюри и модератору мероприятия, вручив им благодарственные письма. Все участники получили сертификаты об участии.

Проведённый хакатон подтвердил востребованность практико-ориентированных инженерных инициатив и эффективность формата совместных проектных сессий. QarTech продолжит развитие технологических компетенций участников и расширение сотрудничества с промышленными предприятиями Карагандинского региона, создавая условия для внедрения инновационных решений в реальные производственные процессы.

ПУТЬ К ВЕРШИНЕ И СЕКРЕТЫ УСПЕХА



STU оқытушысы Түркияның «Кастамону» университетінде тағылымдамадан өтті

Қарту-дің «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, университеттің қауымдастырылған профессоры Нұрлыбек Әубәкіров Түркияның «Кастамону» университетінде 3 айлық тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама барысында Н.Әубәкіров «Кастамону» университетінің «Қазіргі түрік диалектері мен әдебиеттері» бөлімінің студенттеріне «Қа-

зақ тілі» пәнінен практикалық сабақтар өткізіп, түрік лингвист-ғалымдарының семинар-лекцияларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін арттырды. Сонымен қатар профессор Orhan Söylemez мырзаның ұйымдас-

тыруымен өткен «Ғылыми зерттеу әдістемесі» курсынан өтіп, сертификатпен марапатталды. Сондай-ақ «Кастамону» университетінде қазақ және түрік студенттерімен 25 қазан — Республика күніне орай мәдени-

танымдық кездесу өткізіп, Қазақстанның егемендігі, тарихы мен дамуы туралы баяндама жасады.

Тағылымдама Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті мен Түркия Республикасының «Кастамону» университеті арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды.

На скольких языках говорили казахские аристократы-учёные?



Алихан Бөкейханов

Основатель и один из лидеров партии «Алаш».

Он был полиглотом и эрудитом, что позволяло ему глубоко изучать историю, этнографию и политику, а также вести научную и публицистическую деятельность, в том числе на русском языке, будучи одним из лидеров партии «Алаш».

Свободно владел 9 языками. Имел знания других европейских языков, необходимых для получения образования и научной деятельности в то время.

персидский, монгольский, чувашский, коми, грузинский, латинский и другие тюркские языки. Существуют также источники, утверждающие, что в общей сложности он владел 18 языками.

Его глубокое знание различных языков и лингвистики позволило ему стать первым профессором казахского языкознания и внести огромный вклад в развитие тюркологии.



Назир Торекулов

Советский партийный и государственный деятель, дипломат, полпред СССР в Королевстве Саудовская Аравия, публицист, филолог.

По словам очевидцев, хорошо знавших Назира, он владел 8 языками. Поскольку его мать была таджикой, персидский язык относился к категории второго родного языка Назира. Он в совершенстве владел русским и турецким языками, свободно говорил на французском и немецком языках.



Алимхан Ермеков

Первый казахский профессор-математик, общественный и государственный деятель, один из основателей партии «Алаш».

Был первым ученым, который преподавал высшую математику на казахском языке.

Владел казахским и русским, латынью, арабским, немецким, английским, французским. Поскольку многие математические работы были написаны итальянцами, он, чтобы лучше их понять, самостоятельно изучил итальянский язык.



Мустафа Шокай

Выдающийся политический деятель.

Будучи в эмиграции во Франции, активно занимался публицистикой. Мустафа Шокай был

полиглотом, он в совершенстве знал 7 языков.

Благодаря этому Шокай получил возможность создавать аналитические обзоры и выступать с докладами в Париже, Лондоне, Стамбуле, Варшаве. Его политические обзоры и исследования, охватывающие тюркскую тематику, публиковались в зарубежных изданиях.



Халел Досмухамедов

Выдающийся казахский общественный деятель, врач, ученый, педагог и публицист, член правительства «Алаш Орды».

Внес огромный вклад в развитие казахской медицины, науки, образования и культуры, автор первых учебников на казахском языке по естественным наукам и организатор здравоохранения.

Халел Досмухамедов знал несколько языков — казахский, русский, немецкий, английский, использовал латынь в медицине и владел другими языками на разных уровнях, что делало его настоящим полиглотом.



Кудайберген Жубанов

Известный лингвист и тюрколог.

Упомянуты данные о знании им 14 языков, включая казахский, русский, арабский,

ПУТЬ К ВЕРШИНЕ И СЕКРЕТЫ УСПЕХА

Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына орай аймақтық ғылыми-теориялық дөңгелек үстел өтті

ҚарТУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, ақын, жазушы және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған «Оян, қазақ!» — ар-намысы Алаштың» аймақтық ғылыми-теориялық дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты — Міржақып Дулатовтың шығармашылығы мен қоғамдық қызметін насихаттау, «Алаш» идеяларын жастарға жеткізу және ұлттық тарихқа деген қызығушылықты арттыру. Ұйымдастырушы әрі модераторлары — «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі м.а., г.ғ.м., Ш. М. Теміржанова және п.ғ.м., аға оқытушы З. Н. Нурлигенова.

Дөңгелек үстел барысында ҚарТУ ақпараттық технологиялар факультетінің деканы А. А. Калинин, ҚарҰЗ университеті Тарих факультетінің деканы Ж. М. Кенжеғали, Қарағанды облысы джиу-джитсу федерациясының мүшесі

А. Е. Шермағанбетов, «Қазақмыс» корпорациясы Политехникалық колледжінің оқытушысы Г. К. Шайжанова (Балқаш қаласы), ҚарҰЗ университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Б. М. Алиева сөз сөйлеп, М. Дулатовтың ұлттық сананы оятудағы еңбегін атап өтті.

Сондай-ақ тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры С. С. Қасимова шараның маңыздылығына тоқталып, М. Дулатовтың шығармашылық мұрасы мен азаматтық көзқарасы ХХ ғасыр басындағы ұлттық сана мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына зор ықпал еткенін



айтты.

Шараға СИБ-25-5 тобының 30 студенті белсенді қатысып, пікірлерімен бөлісті. Кездесу соңында кафедра доценттері, философия ғылымдарының кандидаттары К. А. Темирғалиев пен Нұрман Б. Ф. қатысушыларға алғыс білдіріп, Дулатовтың жазушы, публицист, педагог және «Алаш» қозғалысының көрнекті қайраткері ретінде мұрасының бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпағанын атап өтті. Шара соңында белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табыс етілді.

Шараға СИБ-25-5 тобының 30 студенті белсенді қатысып, пікірлерімен бөлісті. Кездесу соңында кафедра доценттері, философия ғылымдарының кандидаттары К. А. Темирғалиев пен Нұрман Б. Ф. қатысушыларға алғыс білдіріп, Дулатовтың жазушы, публицист, педагог және «Алаш» қозғалысының көрнекті қайраткері ретінде мұрасының бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпағанын атап өтті. Шара соңында белсенді қатысушыларға алғыс хаттар табыс етілді.

Нығмет Нұрмақовқа 130 жыл: Тәуелсіздік — бабалар аманаты

2025 жылыдың желтоқсан айында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 1 курс студенттері (АиУ-25-1, ВТ-25-1с, ИС-25-1с топтары) «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. С. С. Касимова және «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, г.ғ.м. Ш. М. Теміржанованың жетекшілігімен академик Е. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ тарих факультетіндегі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың өмірі мен қызметіне арналған «Дәуір және тұлға: Нығмет Нұрмақов» атты тарихи-құжаттық көрмені тамашалады. Іс-шара Нығмет Нұрмақовтың туғанына 130 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Аса құнды, тың архив құжаттарынан құрастырылған бұл көрме — ҚР Президенті Архивінің туындысы. Осыған орай ҚР Президенті Архивінің директоры Мұстафина Әлия Құсайынқызына, құрастырушы ғалым-профессор Нұрымбетова Гүлшат Рамазанқызына зор құрмет, алғысымызды білдіреміз.

Тарихи-құжаттық көрмені Қарағанды қаласына әкеліп, ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге, мектеп оқушыларына, сондай-ақ қалың көпшілікке тамашалап, тарихи таным көкжиегін кеңейтіп, тұлға өмірінен тағылым алуға мүмкіндік жасаған академик

Е. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ тарих факультетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Жұмабеков

Жамбыл Әзімханұлына үлкен рахмет айтамыз, биік ғылыми шығармашылық табыстар тілейміз.



Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметін кеңінен қамтыған архив деректерімен, құжаттарымен танысу студенттерге тарихи тұлға өмірін тереңнен тану арқылы Қазақстанның ХХ ғасырдың 20–30 жж. қоғамдық-саяси өмірі жайында мол мағлұмат береді. Қазақ халқының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, тоталитарлық жүйенің құрбаны болған тарихи тұлға өмірі — жас ұрпақты отансүйгіштікке, елге, Отанға адал қызмет етуге тәрбиелеудің жарқын үлгісі.

«Тарихты тұлғалар жасайды» — дейді халық даналығы. Ұлт тарихының күрделі кезеңінде өшпес із қалдырған көшбасшы қайраткер Нығмет Нұрмақовтың тұғыры қашанда биік.

БУДУЩЕЕ В ТВОИХ РУКАХ



МАНСАП START

Saginov Technical University-де дәстүрлі «Мансап Start» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Оған бакалавриат, магистратура және докторантура түлектері, сондай-ақ өңірлік және республикалық кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Шара барысында 70-ке жуық жұмыс беруші компания өздерінің ашық вакансияларын ұсынып, студенттермен тікелей кездесу өткізді.

«STU — Орталық Қазақстандағы техникалық білім берудің көшбасшысы болып қала береді. Оқу орны еңбек нары-



ғындағы сұраныстарды ескере отырып, мамандарды мақсатты түрде даярлайды. «Мансап Start» жәрмеңкесі жоғары курс студенттері мен түлектер үшін жұмыс табудың тамаша мүмкіндігі. Жұмыс берушілерге белсенділік танытқандары үшін алғыс білдіріп, студенттерге сәттілік тілейміз», — деді Абай Қалықов.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне Тау-кен факультеті, Сәулет-құрылыс, Металлургия



және машина жасау, Инновациялық технологиялар, Энергетика, автоматика және телекоммуникациялар, Транспорт, логистика және инженерлік экономика факультеттерінен 1500-ге жуық студент қатысты.

Іс-шара студенттер мен жұмыс берушілер арасындағы тікелей байланысты нығайтып, университеттің еңбек нарығымен серіктестігін одан әрі күшейтеді. Сонымен қатар, жас мамандарға кәсіби жолын сенімді бастауға мүмкіндік береді.

Жұмысшы мамандықтар жылының салтанатты жабылуы «Адал-адам, адал-еңбек, адал-табыс»

Мерекелік кештің көркін Инновациялық технологиялар колледжінің білім алушылары дайындаған мазмұнды концерттік бағдарлама аша түсті. Сонымен қатар, арнайы шақырылған Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің білім алушылары да өз өнерлерін ортаға салды.

Болашақ мамандар шығармашылық нөмірлер, сахналық көріністер мен қойылымдар арқылы өз мамандықтарын, кәсіби шеберліктерін және таңдаған жолының құндылықтарын көрсете білді. Әрбір өнер көрсетілімі кез келген еңбектің маңызды әрі құрметке лайық екенін айқын дәлелдеді.

Іс-шараның маңыздылығын құрметті қонақтардың қатысуы арттыра түсті:

Басқарма мүшесі, әлеуметтік тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Қалықов А. Қ.,

«Asia Ferroalloys» ЖШС персоналды басқару және ұйымдастыру жұмысы департаментінің директоры Мәлс А. М., «ҚазГидроМедь» ЖШС ғылыми жұмыстар жөніндегі директор орынбасарының міндетін атқарушы Қорабаев А. С.

Олардың қатысуы жұмысшы мамандықтарды дамыту мен



қолдаудың маңызын айқындап, білім алушылар үшін үлкен мотивация мен өнеге болды.

Іс-шара барысында білім алушыларға алғыс хаттар мен ынтыландыру сыйлықтары табыс етілді.

«Адал-адам, адал-еңбек, адал-табыс» қағидаттары әрбір жастың кәсіби дамуы мен жарқын болашағының берік негізі бола берсін!

Business Collaboration Forum

Біздің университеттің командасы 230-дан астам мектеп, студенттік командалар, бизнес өкілдері мен сарапшыларды біріктірген еліміздегі ең ірі жастар кәсіпкерлік іс-шараларының біріне қатысты. Форум Қазақстандағы Enactus бағдарламасының 30-шы маусымын ашып, 2026 жылғы ұлттық чемпионатқа дайындықтың маңызды кезеңі болды.

Enactus STU қатысушылары әлеуметтік кәсіпкерлікке, тұрақты дамуға, жобалық менеджментке және бола-

шақ мамандықтарға арналған оқыту сессияларына, сондай-ақ жастар бастамалары көрмесі мен тақырыптық са-



раптамалық пікірталастарға қатысты.

Команда менторлардан пайдалы ұсыныстар алып, өзге командалардың тәжірибесімен танысып, кәсіби және серіктестік байланыстарын нығайтты.

Форумға қатысу біздің командаға жобаларды дамыту бойынша өзекті ақпарат алуға, басқа қатысушылар мен серіктестермен байланыстарын күшейтуге және Enactus бағдарламасының жаңа жарыс маусымына тиімді дайындалуға мүмкіндік берді.

БУДУЩЕЕ В ТВОИХ РУКАХ

Карагандинские транспортные решения заинтересовали международное сообщество

Saginov Technical University сотрудничает со многими вузами ближнего и дальнего зарубежья. В том числе, и с Азербайджанским техническим университетом (АзТУ), готовящим бакалавров и магистров по более чем 70 специальностям. В этом и другом, у нас, как у родственных технических вузов, много общего.

Естественно, и состоявшийся недавно в АзТУ международный семинар и экспертная панельная дискуссия на тему «Городское движение и устойчивая мобильность: к WUF13», на который были приглашены представители нашего университета, встретил живой отклик с их стороны.

В мероприятии принимала участие советник Министра науки и образования Азербайджанской Республики, председатель Совета по качеству высшего образования Турции, ректоры вузов Сакары и Чанкая Турции, представители исполнительной власти 44 городов и регионов.

Ректор АзТУ Вилаят Валиев, выступивший со вступительным словом, рассказал о важности мероприятия, отметив, что в следующем году в Баку состоится Всемирный форум городов, на котором мировой общественности будут представлены инновационные подходы Азербайджана в градостроительной политике, стратегии устойчивого развития.

На международном семинаре также выступили директор Института логистики и транспорта АзТУ Фуад Дашдамиров, ознакомивший с планом городской мобильности, результатами, проблемами и устойчивыми перспективами в контексте WUF13; заведующий кафедрой автомобильной техники Университета Гази, профессор Месут Дузгун уделивший внимание развитию электромобилей и необходимым аспектам подготовки полевого персонала; ректор Dashkent Perfect University Даурен-

бек Илесалиев, рассказавший о современной транспортной модели г. Гулуста и др.

Большой интерес вызвал доклад профессора кафедры «Промышленного транспорта» Saginov Technical University Оюма Балабаева «Мониторинг транспортной мобильности в Карагандинской агломерации». Он привлек к себе особое внимание участников семинара тем, что были продемонстрированы функциональные возможности двух разработанных

исследовательских инструментов по мониторингу транспортных потоков с использованием цифровых технологий и элементов ИИ.

Семинар объединил ведущих экспертов из Азербайджана, Турции, Узбекистана и Казахстана. Эксперты из разных стран поделились своим опытом. Интересными результатами исследований, выполненных по действующим проектам, поделились НИЦ Innovative Transport (Узбекистан) и Logistika və Nəqliyyat İnstitutu (Азербайджан).

В заключение семинара ключевые спикеры посетили Logistika və Nəqliyyat İnstitutu, где ознакомились с основными научными и прикладными проектами института и обсудили перспективы совместных исследований и коллабораций.

Настоящее мероприятие стало важным шагом в укреплении регионального сотрудничества в области устойчивой городской мобильности.



Воркшоп и лекции международного эксперта



На прошлой неделе состоялся воркшоп «Подготовка публикации в Scopus!»

Участники узнали:

- пошаговый алгоритм подготовки статьи под требования Scopus;

В Карагандинском техническом университете имени Абылкасы Сагинова прошла серия мероприятий с участием международного исследователя Амира Мосави, признанного специалиста в области аналитики данных, искусственного интеллекта и научных публикаций.

- разбор реальных примеров и типичных ошибок;
- рекомендации по выбору подходящего журнала и правильному оформлению материалов;
- получили возможность задать вопросы эксперту лично.

Бонусом воркшопа стало то, что самые сильные работы

участников были отобраны для включения в спецвыпуск журнала Scopus, запланированный на январь 2026 года.

Помимо воркшопа, Амир Мосави провёл цикл лекций для студентов, магистрантов и молодых исследователей, посвящённый современным направлениям искусственного интеллекта и его применению

в науке, инженерии и аналитике данных.

Участники мероприятий получили ценные знания, расширили свои исследовательские компетенции и обменялись опытом с международным экспертом, работающим на стыке науки, технологий и инноваций.



STU-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері талқыланды

15 желтоқсанда Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Бекболат Нүсіпбековтің қатысуымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен бірлесіп, жоғары оқу орнының декандары мен кафедра меңгерушілеріне арналған семинар-кеңес өтті. Іс-шара сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелеріне арналды.



Атап айтқанда, қаржылық тәртіпті қамтамасыз ету, шығындарды бақылау, қаражатты үнемдеу, сондай-ақ қолданыстағы өкілеттіктер шеңберінде ішкі нормативтік құжаттардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, кездесуде білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және білім беру үдерісіне қатысты өзге де өзекті мәселелер көтерілді.

Заң мен тәртіп



Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ студенттері, әлеуметтік тәрбие ісі жөніндегі проректор Абай Қалықовтың жетекшілігімен, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасына сай, Қаржы мониторингі агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне таныстық экскурсияға барды.

Экскурсия барысында студенттер департаменттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы толық ақпарат алып, қоғамдық тәртіпті күшейту, адал және саналы азаматтарды тәрбиелеу, белсенді өмірлік ұстанымы бар нағыз патриоттарды қалыптастыру мәселелерін талқылады. Студенттер кезде-

суге үлкен қызығушылық таныты: қойылған сұрақтар көп болды, департамент өкілдері нақты мысалдармен толықтырылған түсінікті жауаптар берді.

Алынған ақпарат студенттерге жаңа пайдалы білім беріп, қоғамдағы жағымсыз құбылыстарға қарсы тұруға көмектесетіні сөзсіз.

IV Compliance Forum — 2025

Жыл сайынғы Compliance форум — 2025 Қазақстан мен Орталық Азиядағы ірі кәсіби шаралардың бірі. Форумға бизнес өкілдері, мемлекеттік органдар, халықаралық сарапшылар және сала мамандары қатысты.



секторлардың бірі болып табылатын цифрлық қаржы нарығына аударылды. Қатысушылар комплаенсті тиімді енгізу тәжірибелерімен бөлісіп, тәуекелдерді азайтуға көмектесетін цифрлық құралдар мен жаңа технологиялармен танысты.

Форумға ҚарТУ-дың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің бас сарапшысы, комплаенс-офицері Гүлден Сейдимбекова қатысты.

Форум «AI. ESG. Data Protection. Crypto: жауапты әрекет ету уақыты» тақырыбында өтті. Ол жаһандық реттеуші ортаның күрделілігін және тәуекелдерді басқарудағы, сондай-ақ корпоративтік этика саласындағы заманауи тәсілдердің маңыздылығын көрсетті.

Басты назар жылдам дамып келе жатқан, алайда ең осал



Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

Бұл жұмыстарды жүйелі түрде талдау мақсатында DeepSeek ЖИ құралы енгізіліп, келесі нәтижелер алынды:

ҚарТУ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі түрде жұмыс істейді: алдын алу, тәрбиелеу, қатаң регламенттеу және ба-

қылауды үйлестіреді. Жұмыс студенттік топтардан бастап университет басшылығы мен ғылыми бөлімшелерге дейін барлық деңгейде жүргізіледі, бұл Қазақстан заңнамасына және халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.



Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне

орай, ЖОО-да жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарған жұмысы үшін комплаенс-офицер Гүлден Сейдимбекова Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті тарапынан адалдықты насихаттағаны және қоғамда ізгілікті мәдениетті қалыптастыруға қосқан белсенді үлесі үшін алғыс хатпен марапатталды.

Эвакуационная тренировка



Цель плановой учебной эвакуационной тренировки в общежитии «Студенттер үйі» КарТУ — отработка действий студентов и персонала при чрезвычайной ситуации и проверка работы систем пожарной сигнализации, оповещения и противопожарного водопровода.

Во время тренировки на первом этаже имитировалось срабатывание пожар-

ных датчиков и сильное задымление с условным возгоранием. Сотрудники звена

охраны общественного порядка организовали эвакуацию проживающих, обеспечили охрану периметра и регулирование движения эвакуируемых по установленным маршрутам, не допустив посторонних в опасную зону.

Санитарная дружина оказала медицинскую помощь условно пострадавшим. После завершения эвакуации было продемонстрировано использование первичных средств пожаротушения.

В ходе учения все действия были отработаны, поставленные цели и задачи выполнены. В тренировке приняли участие 13 человек личного состава ФГО, 3 сотрудника обслуживающего персонала, 290 студентов и 15 сотрудников университета.



Аяз Атаға хат

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы — Ректор Сауле Сагинтаева және Басқарма мүшелері-проректорлар Jas Orda жастар қауымдастығының «Aqnet» жастар қайырымдылық ұйымы жыл сайын ұйымдастыратын «Аяз Атаға хат» атты қайырымдылық акциясына қатысты.

Акцияның мақсаты — әлеуметтік мекемелердегі, көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар табыстау.

Ізгі бастама аясында балалардың арман-тілектерінің орындалуына қосқан үлестеріңіз үшін алғыс білдіреміз!



Главные академические достижения Казахстана в 2025 году

В Казахстане выстроено 40 стратегических партнерств с ведущими зарубежными университетами, включая 33 действующих филиала иностранных вузов.

Сотрудничество Казахстана охватывает вузы США, Великобритании, КНР, Республики Корея, Франции, РФ, Германии, Италии, Польши, Турции и Узбекистана. Обучение в филиалах ведется по 162 образовательным программам.

С сентября 2025 г. начато обучение в филиалах Cardiff University, Woosong University, МГИМО, Политехнического Университета Марке и прикладного университета Анхальт.

Также в этом году Coventry University Kazakhstan провел набор на новые программы.

В Астане состоялось открытие Cardiff University Kazakhstan.

В Туркестане открылся филиал Woosong University.

Также в Каскелене открыт филиал New York Film Academy — первый творческий университет мирового уровня в Казахстане и единственный кампус американской киношколы в Центральной Азии.

В результате реализации совместных проектов в регионах введены в эксплуатацию новые учебно-лабораторные корпуса и общежития, предоставлены отдельные кампусы для филиалов зару-

бежных университетов, в том числе в рамках сотрудничества с Университетом Аризона, Heriot-Watt University, PXТУ, SeoulTech, Пекинским университетом языков и культуры, Политехническим университетом Марке. Ведется строительство отдельных кампусов для Cardiff University, Coventry University, МИФИ и МГИМО.

Индустриальные партнеры. «Казфосфат» выделил средства на поддержку филиала PXТУ.

Китайской стороной были выделены средства на приобретение оборудования и обучение преподавателей для Мастерской Лу Бань в ВКТУ им. Д.Серикбаева, а также на соз-

дание Инжинирингового центра «SMART Driving Technology».

В рамках проекта Сеултеха «LUPIC» корейской стороной были выделены средства на развитие института ИИ на базе Коркыт Ата Университета.

В рейтинг QS Asia 2026 вошли 44 казахстанских вуза, в том числе 10 новых — впервые, что свидетельствует о росте конкурентоспособности национальной системы высшего образования.

Запущен проект «Study in Kazakhstan», направленный на повышение привлекательности отечественного высшего образования на международной арене. Поставлена задача — увеличить количество иностранных студентов до 100 тысяч к 2029 г.



Іс-шараның қадірменді қонағы:

Ерниязова Айсулу Әлімжанқызы — Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы.

Сонымен қатар, байқауға университеттің проректорлары да қатысып, қолдау көрсетті.

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор — Қалықов Абай Қобыландыұлы;

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор — Нүсіпбеков Бекболат Рақышұлы;

STU Talents — 2025

2025 жылдың 5 желтоқсанында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде барлық факультеттер мен Инновациялық технологиялар колледжін біріктірген көптен күткен «STU Talents — 2025» бірінші курс студенттерінің таланттар байқауы өтті!

Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор — Қанапиянов Тимур Ерболатұлы;

Цифрландыру жөніндегі проректор — Амиров Азамат Жанболатұлы.

Кәсіби қазылар алқасының құрамында:

Платонова Марина Сергеевна — Қарағанды қалалық мәслихатының VIII шақырылымдағы 9 округ депутаты, Қарағанды облысының жеңіл атлетика федерациясының президенті;

Ақаев Заңғар Жанболатұлы — театр және кино әртісі, С.Сейфуллин атындағы Қара-

ғанды облыстық академиялық қазақ драма театрының актері; Баймағамбетов Думан Дулатұлы — республикалық және халықаралық байқаулар мен фестивальдердің лауреаты, «Азия дауысы» халықаралық фестивалінің өңірлік өкілі, вокал студиясының негізін қалаушысы;

Мухатаев Нурлан — «Нурби» үлгілі хореографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі, «Замандас» жобасының жеңімпазы, Қарағанды облысы әкімінің «Жылдың үздік хореографы» сыйлығының иегері.

Байқау қорытындысы бойынша:



- Гран-при — Сәулет-құрылыс факультеті.
- 1 орын — Тау-кен факультеті.
- 2 орын — Көлік, логистика және инженерлік экономика факультеті.
- 3 орын — Инновациялық технологиялар колледжі.

Барлық қатысушылар мен жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз! Жарқын эмоциялар, талант пен ұмытылмас атмосфера үшін алғысымызды білдіреміз!



«За политехнические знания»

№10(1646) 31 желтоқсан 2025 ж.

Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМҚ Қарағанды техникалық университеті

Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).

Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.

Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.

Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. Қарту баспасы.

Редактор: А. Александров

Фото: Д. Иманалиев, О. Битнер.

Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.

Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.

Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды.

Редакция ұсынылған авторлық материалдарды себебін түсіндірмей қабыл алмауға құқылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.